

БЕКІТЕМІН

Мектеп директоры:

_____ Ж.Рашат

«02»қыркүйек 2024ж

«Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі»

Мемлекеттік мекемесінің

«Алтын ауыл орта мектебі»

Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША



ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жыл

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәр иесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы..

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген

«Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін;

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

Тәуелсіздік және Отаншылдық

Бірлік және Ынтымақ

Әділдік және Жауапкершілік

Заң және Тәртіп

Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

Жасампаздық және Жаңашылдық

Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады.

Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы

Қаңтар – заң және тәртіп айы

Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. **Мамыр** – бірлік пен ынтымақ айы

ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

2024-2025 оқу жылының ерекшелігі (МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС!!!)

күнделікті

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

апта сайын:

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

жыл сайын:

«ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу.

Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі.

«Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша).

Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар:

«Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалып- тастыру.

(Ескерту: ӘР МЕКТЕП БІР ЖОБА ДЕРБЕС БІР ЖОБАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ!!!)

Білім күнін өткізу

1 қыркүйекте «Білім күнін» өткізу форматын білім беру ұйымдары дербес анықтай- ды және мектептің барлық қауымдастығының қатысуын қамтамасыз етеді. Білім күніне арналған сынып сағатының ұсынылып отырған тақырыбы: «Мектебім – мейірім мекені!».

Мемлекеттік туды көтеру және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану ережесіне сәйкес жүргізіледі.

Педагогтер ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, достық пен жауапкершілік, бір-біріне сыйластық құндылықтарын дарытуға мән беруі қажет.

Салтанатты жиынға мектеп білім алушыларының ата-аналары/заңды өкілдері, ата-аналар комитетінің мүшелері, оның ішінде бірінші сынып білім алушылары ның ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңы- зды екендігіне назар аудару қажет.

Мыналарды:

балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан не күтетіндерін талқылау;

«Оқуға құштар мектеп» жобасы шеңберінде жазғы демалыс барысында оқылған кітаптарды талдау, бала үшін қызықты және маңызды оқиғаларды талқылау;

Заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қол- дану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану ұсынылады.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтер арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша «Мек тебім – мейірім мекені» республикалық челленджін өткізу ұсынылады.

Бейнероликті орналастыру күні: 2024 жылғы 1 қыркүйек. Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00. Хэштег: #Bilim_quni

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

барлығы үшін: «Мектебім, менің мектебім!», «Мектебім – мейірім мекені»,

«Сәлем, жаңа оқу жылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;

бірінші сынып білім алушыларына: «Мектепке алғашқы қадам»;

2-4-сынып білім алушыларына: «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалыстағы көңілді сәттерім»;

5-8-сынып білім алушылары үшін – «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем»,

«Жазғы демалыста мен жасаған игі іс»;

9-11-сынып білім алушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Болашақ менің қолымда»;

1-сынып білім алушыларының ата-аналары үшін – «Мектептегі бірінші күніміз»,

«Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі»;

сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыны бым!»

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар- ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

<i>Тәрбиенің құндылықтары</i>	<i>Негізгі индикаторлар</i>	<i>Күтілетін нәтижесі:</i>
Ұлттық мүдде	- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;	<i>Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл</i> - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
Ар-ұят	<i>Академиялық адалдыққағидатын қолдау;</i> - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.	- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.
Талап	- Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.	- Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға

2024-2025 оқу жылының тәрбие жоспары				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету ЕСКЕРТУ: ДТІЖО МІНДЕТТІ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ				

1.	Тәрбие жұмысының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар, ҚР заңдары, өңірлік бағдарламалардың ережелері. 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы. 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы. 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы. 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы. 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 9) "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.	Нормативтік құжат	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары 1-11 сынып жетекшілері	Оқу жылы бойы
-----------	---	--------------------------	--	----------------------

	12) "Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп нысанына қойылатын талаптарды бекіту туралы" (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. № 26 бұйрығына өзгеріс енгізілді-ҚР Білім Министрінің 30.12.2022 ж. № 534 бұйрығымен); 13) "Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілер туралы ережені бекіту туралы" (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығына өзгеріс енгізілді-ҚР БҒМ 31.05.2022 ж. № 251 бұйрығымен); 14) "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" (ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы); 15) "Білім беру ұйымдарында психологиялық- педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы 16)Қазақстан Республикасының Рәміздер құжатының дұрыс жүргізілуі 17)Қамқоршылық кеңес отырысының уақытылы жүргізілуі			
2.	"2024-2025 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы " әдістемелік нұсқаулық хат.	ӘНХ	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекшілер	31 тамыз
3.	- Орта мектептің 7-11 сынып оқушыларына кәсіби диагностика жүргізу бойынша құралдарды пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Ерекше қажеттілікті қажет ететін балалардың мамандық таңдауы кезінде отбасының, мектептің және жұмысқа орналастыру органдарының өзара іс-қимылы бойынша әдістемелік ұсынымдар. (https://www.nao.kz).		Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекшілер	31 тамыз
4.	ҚР БҒМ ережесі негізінде сынып жетекшілерінің міндеттерін әзірлеу	Лауазымдық міндеттер	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	қыркүйек
5.	Бұқаралық іс-шаралар қауіпсіздігін құжаттамалық қамтамасыз ету. (қажетті бұйрықтар шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).	Нормативтік актілер	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Оқу жылы ішінде
6.	Білім алушылар үшін көшпелі іс-шараларды құжаттамалық қамтамасыз ету. (қажетті бұйрықтар шығару, жоспарларды, кестелерді бекіту).	Нормативтік актілер	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Оқу жылы ішінде

7.	Балалар мен жасөспірімдердің деструктивті мінез- құлқының алдын алу жөніндегі республикалық және облыстық жоспарлардың, жол карталдарының тізбесі. Республикалық: 1) Балалардың құқықтарын қорғау Комитетінің, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары әкімдіктерінің және білім беру ұйымдарының 2023-2025 жылдарға арналған оқушылар мен жастар арасында электрондық темекі/вейп тұтынудың алдын алу жөніндегі қызметін ұйымдастыру жөніндегі жол картасы; 2) Балалар " жол картасы. Интернет. 2023-2024 оқу жылына арналған ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ұйымдастыру жөніндегі" Медиа- қауіпсіздік"; 4) Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары; 5)Балаларды зорлық – зомбылықтан, суицидтің алдын алудан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары 6) «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын анықтау және диагностика жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым мини- стрінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы № 692 бұйрығы 7) Ата-аналармен жұмысты қолдау мақсатында цифрлық платформасы ұсынылады: https://orken-instituty.kz/ru/dashboard/main 8) ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы 9) Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы	Республикалық және аймақтық жоспарлар мен жол карталарының тізбесі	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Оқу жылы ішінде
----	--	--	------------------------------------	-----------------

I. Іске асыру тетіктері. Негізгі іс-шаралар
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ
БІЛІКТІЛІК АЙЫ

1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары

5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

Ақын, қолбасшы Махамбет Өтемісовтың туғанына 220 жыл (1804-1846)

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты	Орындалу мерзімі
1	Білім күні « Мектеп – мейірім мекені »	Сынып сағаттары «Менің отаным-Қазақстан»#Bilim_quni хэштегі	ДТІЖО А.Ургенч	1 апта 01.09.2024ж
2	Республикалық « Мектепке жол » акциясын ұйымдастыру(тізім, демеушілерді тарту) («Қамқор» әлеуметтік жобалар аясында)	фотосесеп, видео, жарияланым, апталық есеп	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	1 апта қыркүйек
3	«Ұлттық мұраны дәріптеу, қазақ тілі» (1-11 сынып) «Оқуға құштар мектеп»жобалары, «Балалар кітапханасы»)	Сынып сағаттары	ДТІЖО Сынып жетекшілер	1 апта қыркүйек
4	Тарихшы–этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (21.09.1924– 08.08.1998)	Дөңгелек үстел 11-сыныптар	ДТІЖО Буркатаева.Н 11-сынып жетекшілер	2 апта қыркүйек
5	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі	Отбасы күніне арналған челлендж	ДТІЖО Сынып жетекшілер	2 апта қыркүйек

6	«Отбасы – бақыт мекені» («Өнегелі 15 минут»-ата-аналардың сұхбаты)	Апта сайын әлеуметтік желілерге жариялау (сұхбат)	ДТІЖО Пед ұйымдастырушы Амирханова.А	3 апта 11- 16 қыркүйек
7	«Әжемнің ертегісі» (1-4 сынып) (даналық мектебі)	Әжелермен кездесу	ДТІЖО	3 апта қыркүйек
8	"Қауіпсіз мектеп ортасы" (кибербуллингтен қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу) (1-11 сынып) (құқықбұзушылықтың алдын алу)	Сауалнама, кездесу, дөңгелек үстел	ДТІЖО	4 апта қыркүйек
9	«Адал ұрпақ» ұйымының жұмысын ұйымдастыру, тізімін бекіту (5-11 сынып)	Жұмыс жоспары, хаттама, жарияланым	Педагог ұйымдастырушы Амирханова.А	4 апта 15 қыркүйек
10	Балалар назарына! жол- көлік оқиғаларының алдын алу бойынша АПБ инспекторларымен кездесу (1-11 сынып) (әр айдың екінші сәрсенбісі)	Фотоесеп, ақпарат жарияланым	АПБ қызметкерлерімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	1-30 қыркүйек
11	Әр айдың соңында «Сәтсіз отбасы», аудандық есепте тұрған оқушылар, «Жусан» бағдарламасы, оқыс оқиға (суицид, жол көлік оқиғасы, қол жұмсауға ұмтылу) бойынша анықтама. Анықтама	Анықтама	АПБ, ДТІЖО	Әр айдың соңында

ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

25 қазан – Республика күні

Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924– 1992).

Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894–25.02.1938)

1	Қарттар күніне арналған іс-шаралар (5-8 сынып) («Қамқор» әлеуметтік жобалар аясында)	Еріктілер акциясы, жарияланымдар	ДТІЖО Әлеуметтік педагог Рахымжанова.А	1 апта қазан
2	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» мұғалімдер күніне іс-шара (10-11 сыныптар.)	Фотоесеп, челлендж, жарияланым	ДТІЖО Ургенч.А Педагог ұйымдастырушы Амирханова.А	1 апта қазан
3	15 қазан-15 қараша «Құқық айлығы» (ДосболLIKE	Іс-шара	АПБ инспекторлары	Айлық шара

	-буллингтің\әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу)		ДТІЖО Сынып жетекшілер	
4	Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924– 1992).	Дөңгелек үстел	ДТІЖО Қазақ тілі мен әдебиеті пәндер бірлестігі	2 апта қазан
5	«Таза қол акциясы». Дұрыс тамақтану, салауатты өмір салты («Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында)	Іс-шара	ДТІЖО мектеп психологтары Мектеп медбикесі	2 апта
6	Мектеп парламентінің Президентін сайлау. (1-11 сыныптар, сайлау науқаны) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында)	Фотоесеп, х аттама	ДТІЖО мектеп психологтары Педагог-ұйымдастырушы Сынып жетекшілер	3 апта қазан
7	"Жаман әдеттер және олардың денсаулыққа әсері" «Электрондық темекінің зияны» бойынша профилактикалық әңгімелер (5-11 сыныптар)	дәрігерлерімен кездесулер	ДТІЖО мектеп психологтары	3 апта қазан
8	"Менің Отаным-Қазақстан!" Республика күніне арналған іс-шара. (1-11 сынып)	Салтанатты жиын, сынып сағаттар, акциялар, жарияланым	ДТІЖО Сынып жетекшілер	4 апта қазан
9	Демалыста кітап оқимыз	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара	ДТІЖО	4 апта қазан
11	«Сәтсіз отбасы», аудандық есепте тұрған оқушылар, «Жусан» бағдарламасы, оқыс оқиға (суицид, жол көлік оқиғасы, қол жұмсауға ұмтылу) бойынша тоқсанына 1 рет Қарасай аудандық полиция басқармасынан анықтама	Анықтама	АПБ, ДТІЖО	Әр айдың соңында

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 араша - Ұлттық валюта күні

Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894– 26.02.1938)

Күзгі демалыс

1	Күзгі демалысты ұйымдастыру	Балалар қауіпсіздігі	ДТІЖО Сынып жетекшілер	1 апта қараша
2	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Зияткерлік ойын	ДТІЖО	2 апта қараша
3	Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894– 26.02.1938) («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	Іс-шара	ДТІЖО	2 апта қараша
4	«Парасаттылық», «Ар-ұждан» (5-11 сынып) Клуб отырысы «Адал ұрпақ» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Дөңгелек үстел	ДТІЖО	2 апта қараша
5	15 қараша-Ұлттық валюта күні. (1-11 сынып) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сынып сағаты	ДТІЖО	3 апта қараша
6	Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу. (5-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында)	Профилактикалық іс-шара	ДТІЖО АӘД пән мұғалімдері	3 апта қараша
7	Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні. «Жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу»	Дәрігерлермен кездесу	ДТІЖО	4 апта қараша
8	"Жолдағы қауіпсіздік" (1-4 сыныптар) Интернетке тәуелділіктің алдын алу (5-11 сыныптар)	Профилактикалық іс-шара	ДТІЖО АПБ инспекторлары	4 апта қараша
9	Әр айдың соңында «Сәтсіз отбасы», аудандық есепте тұрған оқушылар, «Жусан» бағдарламасы, оқыс оқиға (суицид, жол көлік оқиғасы, қол жұмсауға ұмтылу) бойынша анықтама. Анықтама	Анықтама	АПБ, ДТІЖО	Әр айдың соңында

ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ

*16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 33 жылдығы
«Қош келдің Жаңа жыл» Жаңа жылдық іс -шара*

1	"Жаман әдеттер және олардың денсаулыққа әсері" (1-4 сыныптар) "Өз денсаулығыңды өзің жаса" (5-11 сыныптар)	Сынып сағаты	ДТІЖО Мектеп медбикелері	1 апта желтоқсан
2	Балалар кітапханасы	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы	1 апта желтоқсан
3	"Күнделікті өмірде адалдық. Қауіпсіздік ережелерін сақтау" «Абайлаңыз, балақай!» (1-8 сынып)	Ата – анадармен оқушыларға жаднама тарату	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары АПБ инспекторлары	2 апта желтоқсан
4	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі. (9-10 сынып)	Іс-шара	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы	2 апта желтоқсан
5	«Қамқор» - әлеуметтік жобасы «Жаңа жылдық құттықтау», (әлеуметтік топтағы оқушылармен ерекше назардағы балаларға қамқорлық көрсету акциясы)	Онкүндік акция	ДТІЖО Әлеуметтік педагог	3 апта желтоқсан
6	"Жаңа жылдық калейдоскоп" жаңа жылдық іс-шаралар 1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, ертеңгіліктер	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы сынып жетекшілер	4 апта желтоқсан
7	«Сәтсіз отбасы», аудандық есепте тұрған оқушылар, «Жусан» бағдарламасы, оқыс оқиға (суицид, жол көлік оқиғасы, қол жұмсауға ұмтылу) бойынша тоқсанына 1 рет Қарасай аудандық полиция басқармасынан анықтама	Анықтама	АПБ, ДТІЖО	Әр айдың соңында

ҚАҢТАР – «ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТӘП» айы

Қысқы демалыс

1	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы. (5-11 сынып) («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО	2 апта қаңтар
2	Полиция қызметкерлерінің қатысуымен "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, зорлық-зомбылықтың, қорқытудың, қудалаудың, балалар ортасында мектепте атудың алдын алу" ақпараттық сағаты. (5-11 сынып).	жиналыс	ДТІЖО АӘД пән мұғалімдері Психолог, әлеуметтік педагог	3 апта қаңтар
3	Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (15.02.1915–6.05.1966) («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	Тарихи іс - шара	ДТІЖО Тарих пән бірлестігі	3 апта қаңтар
4	Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу. (5-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында)	Профилактикалық іс-шара	ДТІЖО АӘД пән мұғалімдері	3 апта қаңтар
5	«Мен оқыған бір ертегі» (1-4 сынып).(«Балалар кітапханасы» жобасы)	Пазлмен кітап оқу	ДТІЖО Сынып жетекшілер Кітапхана меңгерушісі	4 апта қаңтар
6	«Заң және Тәртіп» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	ДТІЖО	4 апта қаңтар
7	«Қауіпсіз интернет» (ДосболLIKE -буллингтің\әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу) (5-7 сынып)	Сынып сағаты	ДТІЖО	4 апта қаңтар
8	Әр айдың соңында «Сәтсіз отбасы», аудандық есепте тұрған оқушылар, «Жусан» бағдарламасы, оқыс оқиға (суицид, жол көлік оқиғасы, қол жұмсауға ұмтылу) бойынша анықтама.	Анықтама	АПБ, ДТІЖО	Әр айдың соңында

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ Ақпан
– «жасампаздық пен жаңашылдық айы» айы

1	Ақиық ақын – Мұқағали Мақатаевтың 93 жылдығы	Әдеби сазды кеш	ДТІЖО Қазақ тілі мен әдебиет Педагог ұйымдастырушы	1 апта ақпан
2	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы. (1-4 сынып). («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	Білім сайысы	ДТІЖО Кітапхана меңгерушісі Буркатаева Н	1 апта ақпан
3	«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі	Челлендж	Кітапханашы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта ақпан
4	Еске алу кеші " Тарихқа тағзым. Тарихқа құрмет " Шекара қызметінің ардагерлері мен ауған соғысы ардагерлерінің қатысуымен. <i>(9-10 сынып)</i>	Іс -шаша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	2 апта ақпан
5	«Сен және Заң» (8-9 сынып)	Дебат клубы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Мектеп инспекторы	2 апта ақпан
6	«Адал ұрпақ» клубының фестивалі	Фестиваль сценарийі	ДТІЖО Педагог ұйымдасъырушы	3 апта ақпан
7	«Балалық шақтың досы. Достық туралы сөйлесейік» (ДосболLIKE -буллингтің\әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу) <i>(5-6 сынып)</i>	Психологиялық тренинг	ДТІЖО Психолог	3 апта ақпан
8	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі мен цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту. <i>(5-11 сынып)</i>	Профилактикалық іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Мектеп инспекторы Психолог	4 апта ақпан

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы

27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

1	« "Мың алғыс...мың алғыс..." Алғыс айту күніне арналған іс-шаралар (1-11 сыныптар)	Челленд жарияланым	ДТІЖО	1 апта наурыз
2	« Халықаралық әйелдер күні » іс-шаралар.	Мереклік іс-шара	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы	1 апта наурыз
3	«Ананың аялы алақаны» челленджі	Челлендж	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта наурыз
4	Көрме «Ұлттық өнер» сурет, қол өнер көрмесі (1-11 сынып)	Көрме	ДТІЖО	2 апта наурыз
5	«Жолдағы қауіпсіздік». (1-4 сынып)	Профилактикалық жұмыс	ДТІЖО Мектеп инспекторы	3 апта наурыз
6	« Қош келдің, Әз Наурыз » (1-11 сынып)	Сыныптан тыс іс-шара, челлендж, көрме, акция Мерекелік онкүндік іс- шара	ДТІЖО Педагог ұйымдастырушы	3 апта наурыз
7	«Сәтсіз отбасы», аудандық есепте тұрған оқушылар, «Жусан» бағдарламасы, оқыс оқиға (суицид, жол көлік оқиғасы, қол жұмсауға ұмтылу) бойынша тоқсанына 1 рет Қарасай аудандық полиция басқармасынан анықтама	Анықтама	АПБ, ДТІЖО	Әр айдың соңында

**СӘУІР– ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК
АЙЫ**

12 сәуір - Ғарыш күні

18 сәуір – Ескерткіш күні

1	"Ұлы дала мұрагерлері" (1-11 сынып).	Дөңгелек үстел	ДТІЖО	1 апта сәуір
2	«Өркенде менің Қазақстаным» - Ғарыш күніне арналған іс-шара (5-7 сынып)	Сурет байқауы	ДТІЖО	1 апта сәуір
3	«Достық-көмегімен берік. Достық көмекке деген қамқорлық.» (ДосболLIKE -буллингтің\әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу) (7-8 сынып)	Достық челленджі	ДТІЖО Мектеп психологтары	2 апта сәуір
4	"Қоқысты қайта өңдеу процесі?" (1-11 сынып)	ЭКО САҒАТ	ДТІЖО	2 апта сәуір
5	18 сәуір – Ескерткіштерді қорғау күні	Қамқорлық шарасы	ДТІЖО	3 апта сәуір
6	«Сәтсіз отбасы», аудандық есепте тұрған оқушылар, «Жусан» бағдарламасы, оқыс оқиға (суицид, жол көлік оқиғасы, қол жұмсауға ұмтылу) анықтама	Анықтама	ДТІЖО	4 апта сәуір

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ АЙЫ

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Жеңіс күні

31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

1	"Бір шаңырақ астында" Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған іс-шаралар.(1-11 сынып) («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Фестиваль, акция, көрме, іс-шара	ДТІЖО Сынып жетекшілер Педагог ұйымдастырушы	1 апта мамыр
---	---	----------------------------------	--	--------------

2	Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» (1-11 сынып) «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы	Эстафета	ДТІЖО Сынып жетекшілер	1 апта мамыр
3	Отан қорғаушылар күніне арналған «Саптық шеру» (7-10 сыныптар)	Сыныптан тыс іс-шара	ДТІЖО Сынып жетекшілер АӘД пәні мұғалімі	2 апта мамыр
4	«9 мамыр – Жеңіс күні» Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне тағзым 3-10 сыныптар	Сынып сағаты, ардагерлермен кездесу сабағы	ДТІЖО Сынып жетекшілер АӘД пәні мұғалімі	2 апта мамыр
5	«Сейсмо жаттығу» 1-11 сынып , мектеп ұжымы	Қауіпсіздік сағаты	ДТІЖО АӘД пәні мұғалімі Дене шықтыру мұғалімдері	3 апта мамыр
6	Оқушылардың жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары (жол-көлік , мопед, скутер, электронды сомокат, жазғы шомылу, улы жәндіктерден сақтану қауіпсіздіктері)	Жадынама тарату, ата-аналармен жиналыс	ДТІЖО Сынып жетекшілер	4 апта мамыр